



Газет 1935 жылдың 5 мамырынан бастап шығады

# ЕРЕЙІМЕН



Сенбі  
№8 (9668)  
7.03.2026

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

## 8 НАУРЫЗ: МЕЙІРІМ МЕН МАХАББАТ МЕРЕКЕСІ

Құрметті ардақты аналар, аяулы арулар!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел – өмірдің шуағы, отбасының берекесі, қоғамның тірегі. Сіздер мейірім мен жылулықтың, парасат пен сұлулықтың символысыздар. Ана ретінде ұрпақ тәрбиелеп, шаңырақтың шаттығын арттырып қана қоймай, түрлі салада еңбек етіп, еліміздің дамуына зор үлес қосып келесіздер.

Ерейіментау өңірінде де нәзік жандылар білім беру, медицина, мәдениет, кәсіпкерлік және мемлекеттік қызмет салаларында абыройлы

еңбек етіп, ауданымыздың өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен даналықтарыңыз қоғамымыз үшін әрдайым бағалы.

Осы айтулы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілеймін. Әрдайым жүздеріңізден күлкі кетпей, жүректеріңіз қуанышқа толы болсын!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен,  
Ерейіментау ауданының әкімі  
Нұрлан МҰҚАТОВ



Сырымбек Тау, кәсіпкер-меценат:

## ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС КІТАП ОҚИТЫНДАР КӨБЕЙГЕНДЕ БАСТАЛАДЫ

Қазіргі қоғамда жастарды кітапқа баулу мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Әлеуметтік желі сананы жаулап, уақыттың басым бөлігі экран алдында өтіп жатқан тұста кітап оқу мәдениетін қайта жаңғырту – ұлт болашағына тікелей әсер ететін маңызды міндет. Осы орайда нақты ісімен көпке үлгі болып жүрген азаматтардың бірі – кәсіпкер, меценат Сырымбек Тау. Ол бірнеше жылдан бері «Кітап оқып, тұлға болам!» атты жобаны жүзеге асырып, жастарды кітапқа жақындатуға, оқуға деген ынтаны оятуға, рухани дамудың қадірін ұғындыруға күш салып келеді. Бұл – бір ғана жоба емес, қоғамды сапалық тұрғыдан өзгертуді көздеген ізгі бастама. Біз Сырымбек Таумен кітап оқу мәдениеті, жастар тәрбиесі, кәсіпкерліктің қоғамдық жауапкершілігі, ұлттық әдебиет пен рухани құндылықтардың бүгінгі мәні туралы кеңінен сұхбаттасқан едік.

### «ЖАЛПЫ САНЫ 126 МЫҢ АДАМҒА КІТАП ОҚЫТТЫҚ»

– Сәке, әлеуметтік желінің жетегіне ерген жастарды кітапқа баулу – бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселе. Жақында «Кітап оқып, тұлға болам!» жобасын қайта бастағаныңызды естідік. Бұл бастаманың мақсаты мен ерекшелігі туралы айтып берсеңіз...

– Бұл жоба алғаш рет 2020-2021 жылдары басталған болатын. Сол кезде біз оны бірнеше рет ұйымдастырып, жалпы саны 126 мыңға жуық адамға кітап оқыттық. Бұл біз үшін өте үлкен тәжірибе болды. Ең бастысы, сол кезеңде қоғамда, әсіресе, жастар арасында кітап оқуға деген шынайы сұраныс бар екенін анық аңғардық. Яғни дұрыс бағыт-бағдар, мазмұнды кітап және нақты ынталандыру ұсынылса, оқырманның кітаптан сырт айналымын көрдік.

Кейін белгілі бір қаржылық қиындықтарға байланысты жоба уақытша тоқтап қалды. Бірақ оны қайта жалғастыру ойымыздан ешқашан шыққан емес. Өйткені бұл – жай ғана кезекті байқау емес, ұлттың зияткерлік деңгейін көтеруге, жастардың ойлау мәдениетін қалыптастыруға, кітап оқу дағдысын қоғамдық үрдіске айналдыруға бағытталған рухани-ағартушылық бастама. Сондықтан биыл жобаны қайта қолға алдық. Ендігі ниет – оны бір реттік іс-шара ретінде өткізіп қоя емес, тұрақты жалғасатын, ел күтіп отыратын үлкен мәдени жобаға айналдыру.

Біздің жобаның бір ерекшелігі – қатысу тәртібінің барынша ашық әрі қарапайым болуы. Қатысу тегін. Кез келген адам tulgabol.kz сайтына тіркеліп, жобаға қосыла алады. Сайттағы ережеге сәйкес, биыл тіркелу кезеңі 2026 жылғы 15 ақпан мен 10 наурыз аралығына белгіленген. Тіркелмей қалғандар тестке қатыса алғанмен, жүзде иелену мүмкіндігінен қағылады. Бұл жобаның тәртіп пен әділдікке негізделгенін көрсетеді. Сондай-ақ қатысушының Telegram арнасына тіркелуді де маңызды. Өйткені барлық жаңалық пен нәтиже сол жерде жарияланып отырады.

Жобаға қатысу ауқымы да кең. Сайттағы ережеде жас ерекшелігіне шектеу қойылмайтыны, әріп танитын кез келген адамның қатыса алатыны көрсетілген. Тіпті шетел азаматтарына да мүмкіндік берілген. Бұл бастаманың барынша кең аудиторияға арналғанын білдіреді. Демек бұл – жобаның мақсаты тек белгілі бір топты қамту емес, кітап оқуды жалпыұлттық мәдени дағдыға айналдыру.

Биылғы жобада оқырманға ұсы-

нылған кітаптардың бірі – «Дала данышпаны – Майқы би». Сайтта бұл кітаптың электронды нұсқасын тегін оқуға болатыны көрсетілген. Бұл да өте маңызды қадам деп ойлаймын. Майқы би туралы еңбек – ұлттық ойлау жүйесін, тарихи танымды, дала даналығының тамырын тереңірек ұғынуға жол ашатын мазмұнды дүние.

### «ЖАПОНДАР ЖЫЛЫНА 18 КІТАП ОҚИДЫ»

– Бір сұхбатыңызда «Жапондар жылына орта есеппен 18 кітап оқиды. Ал бізде кітап оқу деңгейі төмен» деген едіңіз. Бұл пікіріңіз әлі өзгерген жоқ па?

– Жоқ, бұл ойым әлі де өзекті. Бірақ мұндай мәселені жалаң салыстыру деңгейінде емес, ұлттың оқу мәдениеті, уақытты пайдалану дағдысы және рухани сұранысы тұрғысынан қараған дұрыс. Кітап оқу – жай ермек емес, қоғамның ойлау сапасын, таным деңгейін, тіпті болашақ даму бағытын айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі.

Жапон халқының ерекшелігі – білім мен өзін-өзі жетілдіруді күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналдыра білуінде. Әрине, олар да интернетті, цифрлық технологияны пайдаланады. Бірақ айырмашылық – сол мүмкіндікті қалай қолданатынында. Олар уақытын орынсыз тұтынуға емес, танымын кеңейтуге, кәсіби және рухани өсуге жұмсайды. Кітап оқу, газет-журнал қарау, сапалы ақпаратқа ден қою – сол мәдениеттің бір көрінісі. Таңертең жаңа басылымдардың қонақүйлерге дейін жеткізіліп жататынын көргенде, бұл ақпаратқа деген сұраныс қана емес, білімге деген қоғамдық құрметтің белгісі екенін аңғарасыз.

Сонымен бірге «бізде мүлде кітап оқылмайды» деп кесіп айтуға да болмайды. Соңғы жылдары елімізде кітапқа деген ықылас біртіндеп артып келе жатқанын байқаймыз. Жастар арасында кітап клубтары көбейді, қазақ тіліндегі жаңа басылымдарға қызығушылық артты, әдеби ортада да, әлеуметтік желіде де кітап туралы әңгіме жиілей түсті. Бұл – қуантарлық үрдіс. Демек қоғамда рухани сұраныс бар, тек соған дұрыс бағыт пен тұрақты қолдау қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, Президент бастамасымен 23 сәуірдің Ұлттық кітап күні болып бекітілуі және әрбір қазақстандық оқуға тиіс 100 кітап тізімінің айқындалуы – өте маңызды қадам.

(Жалғасы 3-бетте)

## Дауыс беруге арналған бюллетень

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын қуаландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң

жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының  
Орталық референдум комиссиясы**

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум по вопросу: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

## Бюллетень для голосования

На референдуме каждый казахстанец голосует лично. Бюллетень выдается на основании списка граждан, имеющих право голосовать на референдуме, при предъявлении документа, удостоверяющего личность. После этого Вы расписываетесь в списке в получении бюллетеня.

Бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования. В бюллетене Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от варианта

ответа, за который голосуете. Не допускается проставление отметок в бюллетене карандашом, а также внесение в него каких бы то ни было исправлений. Заполненный бюллетень опускаете в урну для голосования.

Важен голос каждого из нас!

**Центральная комиссия референдума  
Республики Казахстан**

## Референдумда есептен шығару куәлігін пайдалана аласыз

Қазақстандағы референдумда дауыс беру кезінде азаматтар тіркеу орны бойынша емес, өзіне ыңғайлы кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік беретін ресми құжат – есептен шығару куәлігін пайдалана алады.

2026 жылғы 15 наурызға белгіленген жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумға байланысты есептен шығару куәліктерін алу тәртібі төмендегідей:

**Берілетін мерзімі:** 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күні сағат 18:00-ге дейін (қоса алғанда).

**Қайдан алуға болады:** тұрақты тіркеу орны бойынша учаскелік сайлау комиссиясынан (УСК).

**Қажетті құжаттар:** жеке өзі келіп, жеке

куәлігін көрсетуі қажет (eGov Mobile қосымшасындағы электрондық нұсқасын пайдалануға болады) және жазбаша өтініш беру керек.

**Өкіл арқылы алу:** сенімхат негізінде алуға болады. Мұндай сенімхатты нотариалды куәландыру талап етілмейді.

**Маңызды шектеулер мен ережелер:** бір қала шегінде: бір елді мекеннің ішінде басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.


**Құжат жоғалған жағдайда:** куәлік қайта қал-

пына келтірілмейді, телнұсқа берілмейді.

**Қалай дауыс береді:** дауыс беру күні таңдалған учаскеге есептен шығару куәлігін және жеке куәліктің түпнұсқасын (немесе электрондық нұсқасын) көрсету қажет. Азамат сол жерде тізімге енгізіледі.

**Жарамдылық мерзімі:** құжат бір рет қана пайдаланылады және дауыс бергеннен кейін комиссия тарапынан алынады.

**Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру басталардан бір күн бұрын жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де тоқтатылады.**



## ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 1 наурызда Ерейментау ауданының Қойтас және Өлеңті ауылдық округтері әкімдерін сайлауы өтті.

Ерейментау аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10 бабына сәйкес, Ерейментау ауданының Қойтас және Өлеңті ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

### Қойтас сайлау округі бойынша

**Қойтас ауылдық округі әкімінің сайлауы:** Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 193 азамат енгізілді. Оның ішінде 140 дауыс берілді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 9, «барлығына қарсы» деген жолға белгі қойылған – 0. Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Ахметов И.Қ. – 113; Әлжанова А.М. – 10; Саулебаев М.Қ. – 8.

Қойтас ауылдық округінің әкімі болып Ахметов Имам Кабидоллашұлы сайланды. Ол 1975 жылы туған, «Қойтас ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ әкімі, Ажы ауылында тұратын, АМАНАТ партиясынан ұсынылды.

### Өлеңті сайлау округі бойынша

**Өлеңті ауылдық округі әкімінің сайлауы:** Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 543 азамат енгізілді. Оның ішінде 388 дауыс берілді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 13, «барлығына қарсы» деген жолға белгі қойылған – 7. Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Исенова Қ.Б. – 3; Сұлтанова С.У. – 177; Шақаев Қ.Ж. – 188. Өлеңті ауылдық округінің әкімі болып Шақаев Қуаныш Жұмағалиұлы сайланды. Ол 1980 жылы туған, уақытша жұмыс істемейді, Ерейментау қаласында тұратын, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған.

**Ерейментау аудандық сайлау комиссиясы**

### Ерейментау ауданы әкімдігінің 2026 жылғы қаулысына қосымша (жоба)

№ р/н	Кадас-трлық нөмер	Жер пайдаланушы	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жария сервитутпен ауырtpалық түсіретін жерлер, гектар	Жер учаскесінің жалпы ауданы	Жер санаты
1.	01-006-022-1293	ТОО «Kendala 88»	Қойтас ауылдық округінің әкімшілік шекараларында	148,2107	2521,5	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер
2.	01-006-022-520	ТОО «Кокшетау жылу»	Қойтас ауылдық округінің әкімшілік шекараларында	77,2016	500	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер
3.	01-006-022-1213	ТОО «Er Ltd»	Қойтас ауылдық округінің әкімшілік шекараларында	136,4437	5000	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер
4.	01-006-022-734	ТОО «Agro Innova»	Қойтас ауылдық округінің әкімшілік шекараларында	37,5640	20000	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер
5.		Қойтас ауылдық округінің жерлері		24,3189		босалқы жерлер
<b>Барлығы</b>				<b>423,7389</b>		

## «ProTrade-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

**Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, 2025 жылғы 29 қазандағы №3772-ЕЛ пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия негізінде Ерейментау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес, «ProTrade-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Ерейментау ауданының аумағында пайдалы қатты қазбаларға барлау жүргізу үшін жер пайдаланушыдан жер учаскелерін алып қоймастан, 2031 жылғы 29 қазанға дейін қауымдық сервитут белгіленсін.
- «ProTrade-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:
  - пайдалы қатты қазбаларға барлау жүргізу мақсатында жер учаскелерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын;
  - жұмыстар аяқталғаннан кейін бүлінген жер учаскелерін одан әрі нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтірсін.
  - Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
  - Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырымбек Тау, кәсіпкер-меценат:

# ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС

## КІТАП ОҚИТЫНДАР КӨБЕЙГЕНДЕ БАСТАЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

Өйткені көп адам кітап оқығысы келеді, бірақ неден бастарын, нені оқу керегін білмейді. Мұндай бастамалар оқырманға бағдар береді, талғам қалыптастырады, бастысы, кітапты қоғамдық құндылық ретінде қайта алға шығарады.

### «ГАДЖЕТ – БАСТЫ БӘСЕКЕЛЕС»

– Өзіңіз атап өткендей, «қазіргі балалардың кітап оқуы азайды» деген пікір жиі айтылады. Сіз бұл мәселені қалай бағалайсыз?

– Шынында да бүгінгі күні балалардың кітап оқуға деген қызығушылығы бұрынғыдай емес екені анық байқалады. Көпшілігі бос уақытын телефонға, әлеуметтік желіге, түрлі ойындарға арнайды. Бұл – тек біздің елге ғана тән мәселе емес, жаһандық сипат алған құбылыс. Өйткені қазіргі заман баласының назарын өзіне бірден аударып әкететін ең үлкен күш – гаджет. Ол тез әсер береді, жылдам қызықтырады, дайын ақпарат ұсынады. Ал кітап, керісінше, баланы сабырға, ойлануға, қиялдауға, ішкі еңбекке шақырады. Сондықтан бүгінгі бала үшін кітап пен гаджеттің бәсекесін шын мәнінде уақыт пен сана үшін жүріп жатқан күрес деуге болады.

Бірақ осы тұста бір нәрсені анық түсінуіміз керек: «бала кітап оқымайды» деп біржақты қанағат болмайды. Мәселе баланың табиғатында емес, оны қызықтыра алатын ортаның әлсіздігінде де жатыр. Егер кітапты біз тек «оқу керек», «пайдалы», «тәрбиелік мәні бар» деген құрғақ ұранмен ғана ұсынсақ, онда бала оны міндет ретінде қабылдайды. Ал міндет қызығушылық тудырмайды. Сондықтан кітапты насихаттаудың жаңа тәсілдерін табу керек деген ойым осыдан шығады.

### «КӘСІПКЕР ТЕК БИЗНЕС КІТАПТАРЫН ОҚЫМАУЫ КЕРЕК»

– Бизнес саласында талай «тар жол, тайғақ кешуден» өткен танымал, табысты кәсіпкерсіз. Осы ретте мотивация болсын, бизнес бастағысы келетін жастарға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

– Менің ойымша, кәсіпкер болғысы келген адам міндетті түрде кітап оқуы керек. Өйткені кітап оқу – адамның ойлау аясын кеңейтетін, танымын тереңдететін, шешім қабылдау мәдениетін қалыптастыратын ең қуатты құралдардың бірі. Кәсіпкерлік дегеніміз – тек

табыс табу емес, алдымен ой еңбегі, пайым, жауапкершілік және уақыттың алдында дұрыс бағдар табу. Ал мұның бәрі біліммен, ізденіспен, үздіксіз оқумен келеді.

Көп адам кәсіпкерге тек бизнеске қатысты кітаптар жеткілікті деп ойлайды. Мен бұл пікірмен толық келісе бермеймін. Әрине, экономика, менеджмент, маркетинг, қаржы сауаты жөніндегі еңбектер қажет. Бірақ кәсіпкер сонымен ғана шектеліп қалмауы керек. Тарихты оқу қажет, өйткені тарих – үлкен тәжірибе мектебі. Философияны оқу керек, өйткені ол ойлаудың тәртібін үйретеді. Психологияны оқу керек, өйткені кәсіпкер алдымен адаммен жұмыс істейді. Адамды, қоғамды, уақыттың мінезін түсінбеген адам бизнесті де терең түсіне алмайды. Сондықтан кәсіпкерлік – ақша табудың ғана емес, адам, орта танудың, жауапкершілік арқалаудың үлкен жолы.

Меніңше, сабақты жақсы оқымаған, өзін біліммен толықтырмаған адам белгілі бір деңгейге дейін көтерілуі мүмкін. Табиғи қабілеті, іскерлігі, тәуекелі алып шығатын тұстар болады. Бірақ бір белестен кейін білімнің орны қатты сезіледі. Өйткені бизнестің ауқымы өскен сайын шешімнің де салмағы артады.

Қазіргі уақыт – бұрынғыдан мүлде бөлек кезең. Бүгінде бір ғана телефонның өзінде орасан мүмкіндік бар. Соның өзінде біз оның мүмкіндігінің аз ғана бөлігін пайдаланып жүрміз. Мысалы, өзін қолымдағы телефонның 12 пайызын ғана қолданады екенмін деп ойлаймын. Демек біз күнделікті ұстап жүрген құралдың өзін толық игермей жатып, үлкен әлемнің мүмкіндігіне толық кіріп кеткен жоқпыз. Ал бүгінгі кәсіпкер үшін технологияны түсіну, ақпарат ағынын саралай білу, дүниежүзіндегі үрдістерді бақылап отыру – аса маңызды. Мен бірнеше елді көрдім, жаңалықтарды үзбей тыңдаймын. Сонда түсінгенім – қазіргі әлем тоқтаусыз өзгеріп жатыр. Сол өзгерістің ішінен өз орнында табу үшін де оқып-үйрену қажет.

Мысалы, «Forbes» секілді басылымдар бар. Ол жерде әлемнің бай адамдары жөнінде, олардың қандай жолдан өткені, қалай тәуекел еткені, нені дұрыс, нені қате жасағаны жөнінде жазылады. Біз көбіне олардың байлығына таңғаламыз да сол байлықтың артындағы ойлау жүйесіне, ізденісіне, тәртібіне, еңбек мәдениетіне үйіле береміз. Негізінде мұндай дүниелерді оқу біреуге еліктеу үшін емес, үлкен тәжірибеден сабақ алу үшін керек. Өйткені табысты адамдардың тарихында тәуекел де, қателік те, табандылық та, уақытты дұрыс пайдалану да бар. Соның бәрі кейінгі буынға

ой салуға тиіс.

Өмірде білім жетпей қалған сәттер де адамға үлкен сабақ береді. Мысалы, кезінде «Amazon» компаниясының акциясын сатып алуға мүмкіндік болды. Бірақ менің білімім жетпей, сенімсіздік таныттым. Егер сол кезде мәселені тереңірек түсініп, батылырақ қадам жасағанымда, бәлкім, бүгінгі жағдайым мүлде басқаша болар ма еді. Мұндай мысалдар адамның көңілінде өкініш болып қана қалмауы керек. Керісінше, ол саған білімнің, сараптаудың, нарықты түсінудің қаншалықты маңызды екенін ұқтыруға тиіс. Кейде бір шешім адамның бірнеше жылдық бағытын өзгертіп жібереді. Ал сол шешімнің сапасы көбіне адамның таным деңгейіне байланысты.

Меніңше, қоғамдағы үлкен өзгеріс те оқитын адамдар көбейген кезде басталады. Өйткені кітап оқитын адам тек ақпарат алып қана қоймайды, ол ойлануға дайындалады. Ол әртүрлі көзқарасты тыңдауға, түсінуге, саралауға машықтанады. Мұндай адам асығыс үкім шығармайды, жел сөзге ермейді, өз ұстанымын таразылап қалыптастырады. Кітаптың адамға беретін ең үлкен пайдасы да осында. Ол адамды ішкі жағынан тәрбиелейді, ойды тереңдетеді, мінезді байытады.

Сол себепті кәсіпкер боламын деген адам міндетті түрде оқуы керек деп есептеймін. Тек кәсібі пайда үшін емес, тұлға болып қалыптасу, қоғамды түсіну, уақыттың сынынан өте алатын парасат иесіне айналу үшін оқуы керек. Өйткені білімді кәсіпкер ғана табыс табумен шектелмей, елге пайда әкелетін, адамдарға жол көрсететін, өзінен кейін із қалдыратын деңгейге көтеріле алады.

### «ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫНА СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ»

– Жақында «Marwin-Meloman» кітап дүкендері желісінің басқаруын қолға алдығыздар. Бүгінде қазақ тіліндегі кітаптардың сатылымы қалай жүріп жатыр?

– «Marwin-Meloman» дүкендер желісін толық сатып алғанымызға шамамен 6 айдай уақыт болды. Сол кезде қазақ тіліндегі кітаптардың сатылым үлесі небәрі 13 пайыз шамасында еді. Қазір бұл көрсеткіш 37 пайызға дейін өсті. Бұл – айтарлықтай жақсы нәтиже. Алайда мұны бір ғана компанияның ішкі табысы ретінде бағалау дұрыс болмас еді. Бұл – қоғамдағы жалпы бетбұрыстың, рухани сұраныстың өзгеріп келе жатқанының нақты көрінісі. Яғни



бүгінде қазақ тіліндегі кітаптарға деген қызығушылық едәуір артып отыр.

Қазір біз көптеген қазақ авторымен тығыз жұмыс істеп жатырмыз. Кейбірімен бірлескен жобаларды жүзеге асырып келеміз, кейбір қаламгерге демеушілік қолдау көрсетеміз. Мұның бәрі – кітап нарығын жүйелі дамытуға бағытталған қадамдар. Өйткені кітап саласында тек сауда айналымын ұлғайту жеткіліксіз. Бастысы, сапалы автор, сапалы мәтін, сапалы басылым қалыптастыру. Егер қаламгер өз еңбегінің әділ бағаланатынын, оқырманға жететінін, оқуға табатынын сезінсе, оның да өнімді әрі жауапкершілікпен жұмыс істеуге ынтасы артады. Ал бұл, түптеп келгенде, тұтас әдеби орта мен кітап индустриясының дамуына әсер етеді.

Алдағы уақытта кітап дүкендері тек кітап сататын орын болып қалмауға тиіс деп ойлаймын. Оның адамдар бас қосатын, пікір алмасатын, жаңа идеялар туындайтын, мәдени байланыс орнайтын ортаға айналуы қажет. Дамыған елдерде кітап дүкендерінің аясында авторлармен кездесулер, әдеби кештер, шағын дәрістер, пікірталастар жиі ұйымдастырылады. Мұндай тәжірибе оқырман мен кітаптың арасын жақындата түседі. Кітапты үнсіз сөреде тұрған зат емес, қоғамдық ой мен мәдени қозғалыстың тірі өзегіне айналдырады.

Бізге де осы бағыт қажет. Өйткені кітап дүкені сауда орны ғана емес, белгілі бір дәрежеде қоғамдық сананы

қалыптастыратын мәдени кеңістік болуға тиіс. Егер оқырман кітап дүкеніне тек сатып алу үшін емес, рухани әсер алу, жаңа ой есту, өзіне жақын ортаны табу үшін баратын болса, бұл кітап оқу мәдениетінің жаңа деңгейге көтерілгенін білдіреді.

Біздің басты мақсатымыз – қазақ тіліндегі кітаптардың санын арттыру ғана емес, олардың оқырманға кеңінен әрі жүйелі түрде жетуіне қолдау көрсету. Бұл жерде сөз тек сауда көлемі жөнінде емес, қазақ кітабының беделін көтеру, оны қоғамдық сұраныстың негізгі рухани өнімдерінің біріне айналдыру туралы болып отыр. Өйткені кітап оқитын қоғам ғана сапалы талғам қалыптастырады. Кітап оқитын қоғам ғана өзінің мәдени және зияткерлік болашағын нық негіздей алады.

Сондықтан кітап оқу мәдениетін дамыту – бір ғана баспа саласының, бір ғана кітап дүкенінің немесе бір топ қаламгердің міндеті емес, тұтас қоғамға ортақ жұмыс. Егер біз жастардың кітапқа қызығушылығын арттырып, қазақ тіліндегі сапалы әдебиетті қолдай алсақ, автор мен оқырманның арасын жақындата алсақ, онда ұлттың рухани іргесі де беки түседі. Ал рухани іргесі берік қоғамның болашағы да баянды болмақ.

Сұхбаттасқан  
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

# ЖҰМЫЛА БІЛЕТІН ЖҰРТТЫҢ БЕРЕКЕСІ БЕКЕМ

Ерейментау ауданының әкімі Нұрлан Мұқатовтың төрағалығымен кезекті аптаның басы аппараттың кеңестен басталды. Кеңесте қала мен аудан өміріндегі өзекті екі мәселе – қысқы кезеңдегі қар тазалау жұмыстары және алдағы республикалық референдумға дайындық кезеңі кеңінен қаралды.



Алдымен Ерейментау қаласының әкімі Талғат Ахметов «Ерейментау қаласында қар тазалау жұмыстарының жүргізілуі туралы» баяндама жасады. Қала бойынша барлығы 46 көше және 3 тұйық көше бар. Жолдардың жалпы ұзындығы 72,3 шақырымды қамтиды. 2024 жылы қала көшелерін қардан тазалау үшін «Ресурс KZ88» ЖШС-мен 60 280 000 теңгеге үш жылдық келісімшарт жасалған. 2026 жылға 22 млн теңге қаражат қарастырылып отыр.

Мердігер мекеме қарауында 2 «Шахман», 2 тиегіш, 1 автогрейдер, 1 «КамАЗ», 1 қар тазалау машинасы және плунжерлі шеткемен жабдықталған 1 «ЮТА» тракторы бар. Қар тазалау жұмыстары ауа райы жағдайына қарай жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Қатты боран кезінде «Ерейментау Су арнасы» мен «Теплосервис» коммуналдық кәсіпорындары да көмекке келеді. Қажет болған жағдайда көше қиылыстарына инертті материал

төселеді. Бұл бағытта ДЭУ-92 мекемесі техника және реагенттермен қолдау көрсетіп отыр.

Биыл қала аумағынан 6 мың текше метр қар шығарылған. Оның ішінде Ибраев көшесінен 120, Жантай батыр көшесінен 630, орталық алаңнан 800, Желтоқсан көшесінен 1 100, Абылай хан көшесінен 1 600 және Құнанбай көшесінен 1 750 текше метр қар шығарылған. Жұмыстар әлі де жалғасады.

Тротуарларды тазалау үшін де «Stroy Business Project» ЖШС-мен 13 440 000 теңгеге үш жылдық келісімшарт жасалған. 2026 жылға 6 540 000 теңге бөлінген. Мердігердің қарауында 1 шағын тиегіш бар. Жаяу жүргіншілер жолдары да қажетіне қарай тазартылып жатыр.

2025 жылғы 1 желтоқсан мен 2026 жылғы 27 ақпан аралығында «е-Өтініш» бірнұсқай платформасы арқылы 8 өтініш түскен. Оның барлығы оң шешімін тапты. Сонымен қатар әлеуметтік желілер мен «Актуальные вопросы города», «Реальная жизнь г. Ерейментау» топтары арқылы түскен 100-ден аса өтініштің барлығы қысқа мерзімде орындалған.

Бұның бәрі – жүйелі жұмыстың нәтижесі. Қала тазалығы – тек коммуналдық қызметтің ғана емес, баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз.

Кеңесте екінші мәселе ретінде алдағы республикалық референдумға дайындық жайы қаралды. Баяндаманы аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сапар Барлыбаев жасады. Бүгінде аудан аумағында ақпараттық-түсіндіру баннерлері толық орналастырылған. Барлығы 25 баннер орнатылған. Референдум өткізуге арналған өңірлік желілік жоспар бекітіліп, соған сәйкес жұмыстар жүргізіліп жатыр. 26 ақпанға дейін 30 жоспарлы іс-шара өткізілді.

АМАНАТ партиясы жанынан конституциялық реформаны түсіндіру жөніндегі халықтық коалиция құрылған болатын. Оның құрамында 20 адам бар. Бүгінде олар еңбек ұжымдарымен 33 кездесу өткізді.

13 ақпанда Үмбетей жырау атындағы аудандық мәдениет үйінің кіші залында үкіметтік емес ұйым өкілдерімен диалог алаңы ұйымдастырылды. Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Ғабды-Сабыр Мұхамедди қатысып, конституциялық өзгерістердің мәні кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар ауылдық елді мекен тұрғындары және орталық аудандық аурухана ұжымымен кездесулер өткізілді. Онда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған реформалардың мақсаты әділетті қоғам құру, азы-

маттардың құқығын қорғауды күшейту, жергілікті басқару жүйесін дамыту екені атап өтілді.

Әлеуметтік желілерде 83 сараптамалық пікір жарияланып, 100-ден аса оң пікір жазылған. «Ерейментау Сити» және «Ереймен Инфо» парақшалары арқылы жарты миллионнан аса интернет қолданушы қамтылған.

Референдум учаскелерінде туындауы мүмкін төтенше жағдайларға байланысты нақты әрекет алгоритмі әзірленді. Бақылаушылардың жұмысы жүйеленіп, 62 тәуелсіз бақылаушы тіркелген. 21 ақпанда аудандық мәдениет үйінде арнайы семинар-тренинг өткізілді. Сонымен қатар аудан прокуратурасы жанынан заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Аппараттық кеңес қорытындысында аудан әкімі Нұрлан Мұқатов барлық сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік, қоғамдық тұрақтылық және референдумды заң талаптарына сай өткізудің басты міндет екені атап өтілді.

Ерейментау – еңбекқор елдің мекені. Қарлы қыста жолын тазалап, елдік істе жұмыла білетін жұрттың берекесі бекем болмақ. Бірлік бар жерде – тірлік бар.

Бахтияр ЖЕПЕНОВ

# БҰЛ ТОРҒАЙДЫҢ РОДИНАДАН НЕСІ КЕМ?!

Жақында газеттің жұмысымен Торғай ауылдық округіне жолымыз түсті. Сонда біраз жайға қанықтық. Бұл ауыл тоғыз жолдың торабында, алыс-беріске, сауда-саттыққа өте қолайлы жерде орналасқан екен. Онда алғаш рет табан тіреген сырт көзге елді мекеннің жақсы дамып келе жатқаны бірден көрінеді. Ел тыныш, көшелері жинақы, таза.

Ауылда жолдарды жөндеу ісі қолға алынған. Торғай ауылының әкімі Марат Әубәкіровтің айтуынша, «Фортуна» ЖШС Төменгі Торғай ауылындағы жалпы ұзындығы 3,1 шақырым Достық көшесін, Торғай ауылындағы С. Сейфуллин көшесінің ұзындығы 0,725 шақырым жолдарын жөндеуді аяқтаған. Жобаның жалпы сомасы – 182 млн теңге. Жолдарға қиыршық тас себу, автогрейдинг, асфальт төсеге дайындық жұмыстары жүргізілген. Балықты ауылының аудандық маңызы бар жолына ұсақ қиыршық тас төсеу, сондай-ақ жол бойындағы шөпті ору жұмыстары жалғасын тауып отыр. Оның жалпы сомасы – 20 млн теңге.

– «Торғай ауылына кіреберіс» (КС-Ата-6 жолы – автор) автомобиль жолын орташа жөндеуге ведомстволық сараптаманың қорытындысымен жаңа техникалық құжаттама дайындалды. Облыстық бюджет қаражатын бөлуге өтінім Ақмола облысы әкімдігінің жоллаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына берілді. 2026 жылға қаржыландыру жоспарланып отыр. Торғай ауылының тұйық көшелерін

зылыпты.

– Былтыр «Хан» ЖК-ден сатып алынған 902 мың теңге сомасына да 70 дана көшет ектік. Көше шамдарына да баса назар аударып, әкім аппараты 168 мың теңгеге 6 саябақ шамын сатып алып, орнатты. Жалпы, ауылдық округ аумағын абаттандыру мақсатында 750 мың теңгеге шағын архитектуралық форма, сондай-ақ саябақ гүлзарлары сатып алынды, – деді ауылдық округ әкімі Марат Қанатұлы.

Әкімдіктің тазалыққа баса мән беретіні көрініп тұр. Шынымен де ауылды аралап жүргенде көшеде жатқан қоқысты көрмедік. Бәрі айнадай таза. Ішімізден «Астанада бәрі Родина ауылын мақтайды. Торғайдың Родинадан несі кем?!» деп те ойладық. Сол ойымызды оқып қойғандай, әкімнің өзі де бір сөзінде өз ауылының тұрғындарға жағдай жасаудан Родинадан еш кем емес екенін тілге тиек етті.

– Біз көбіне Родина ауылын керемет деп мақтаймыз ғой. Бірақ онда адам қосалқы шаруамен айналыса алмайды. Таңертең жұмысқа барады да кешкісін үйіне қайтып келеді. Ал бізде жұмыс



ринария үшін 2 587 000 теңге бөлген. Жалпы, округке қарасты ауылдарда өнеркәсіпті, шағын бизнесті дамыту ісі жақсы жолға қойылған.

– Аграрлық сектордың даму деңгейі әрқашан біздің қоғамның әлеуметтік экономикалық әл-ауқатының негізгі факторы болды. Округте 13 ЖШС, 18 шаруа қожалығы, 31 шағын бизнес өкілі жұмыс істейді. Олар тамақ өнімдерін сатумен және қызмет көрсетумен айналысады. Сондай-ақ округте жол бойы «Жансары» дәмханасы, жанармай құю, екі газ-жанармай құю, техникалық қызмет көрсету станциялары жұмыс істеп тұр. Былтыр «Ерейментау-астық

гейде назар аударылып отыр. Мысалы, Торғай ауылдық округінің өзінде «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде жергілікті тұрғындар түрлі жобалармен айналысып отыр. Атап айтқанда, «Күміс жас» бағдарламасына Өмірхан Әлиев пен Жанат Қартабаев қатысқан. Бұл – 50 жастан асқан, зейнетке жақындаған жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмыспен қамтуға арналған мемлекеттік бағдарлама. Мұнда жұмыс берушіге жалақының бір бөлігін субсидия арқылы мемлекет өтеп, бағдарлама аяқталған соң тұрақты жұмысқа орналастыру міндеттеледі. Қатысушыларға еңбек өтілінің басында жалақының 70%-ына дейін субсидия төленсе, мерзім ұзарған сайын оның мөлшері азаяды. Ал бағдарлама мерзімі аяқталғанда жұмыс беруші тұрақты жұмысқа алуға міндетті.

Бағдарламаның мақсаты – зейнетке шығуға жақындап қалған азаматтарды уақытша жұмыспен қамту, олардың кәсіби біліктілігін сақтау және жаңа жұмысқа орналасуына көмектесу.

Жанар-жағармай бағдарламасына Боранбай Сәдуақасов қатысқан. Бұл – Қазақстандағы жанар-жағармай нарығын тұрақтандыруға, фермерлерге, мұнай өнеркәсібіне қолдау көрсетуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар жиынтығы. Яғни «Кең дала» сияқты бағдарламалар арқылы арзан бағамен беріледі. Сондай-ақ мұнай импорты мен өндірісін реттеуді қамтиды. Негізгі мақсаты – агроөнеркәсіп кешенінің (АӨК) және мұнай өңдеуді қолдау, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету.

«Ауыл аманаты» микронесиелеу бағдарламасына Қарағайлы ауылының тұрғыны Әсет Манабаев қатысып, 2,5 пайызбен 8 млн 800 мың теңге несиесі рәсімдеген. Ол несиеге 104 бас ұсақ мал сатып алған. Енді өзі соны 500-ге жеткіземін деп отыр. Қазір үміткер Дәуренбек Төлеген жалпы сомасы 5 млн теңгеге 70 бас ұсақ мал сатып алуға құжат тапсырған. Құжаттар «Көкше» ӘКК қарауында жатыр.

Торғай ауылдық округінде қайырымдылық көмек те жиі көрсетіледі. Мысалы, «Құлагер» шаруа қожалығы Жаңажол ауылының негізгі мектебіне қаржылай қайырымдылық көмек бер-

ген. Оның есебінен асханаға жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Санитарлық нормаларға сәйкес пластикалық қабырға орнатылған. Сондай-ақ қайырымдылық қаражаты есебінен кіреберіс есіктер ауыстырылыпты.

Алтып Туак ЖШС блог-қайырымдылық қаражаты есебінен 340 мың теңгеге Жаңажол ауылының мектебіне кабинеттік есіктер сатып әперген. Сонымен бірге пластикалық терезелер де орнатылған.

Әкіммен кездесуде ол салық түсімдері мәселесін де сөз етті. Айтуынша, округ бюджеті жергілікті тұрғындар төлейтін республикалық, облыстық, аудандық трансферттер мен салықтардан (мүліктік, заңды және жеке тұлғалардың көлік салығы, заңды тұлғалардың жер салығы) қалыптастырылады. Жоспар бойынша, 16 млн 500 мың теңге, былтыр 29 қыркүйектегі жағдай бойынша, 16 млн 292 мың теңге жиналған. Оның ішінде 72 191 мың теңге – мүліктік жалға алу ақысы.

Жеке табыс салығы – 7 млн 820 мың 923 теңге, меншікке, жер учаскелеріне және көлікке салынатын салықтар – 5 869 156 теңге, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем – 1 859 542 теңге, трансферттер түсімі – 201 971 300 теңге, бюджет қаражатының бос қалдықтары – 10 544 697 теңге.

Интернет мәселесіне келсек, мұнда ешқандай проблема жоқ. Қазір Торғай ауылының тұрғындары үшін жоғары жылдамдықты интернет қолжетімді. Балықты, Төменгі Торғай ауылдарының халқы сымсыз телефон байланысымен қамтамасыз етілген. Дегенмен бұл ауылдарда кең жолақты интернетке қол жеткізу мәселесі бар екен.

– Округ ауылдарының тұрғындары «Отау TV» және «Алма TV» спутниктік станцияларын пайдаланады, – деді әкім.

Қорыта айтқанда, Астанадан 120 шақырым жерде, тоғыз жолдың торабында орналасқан бұл ауылдың болашағы зор деуге болады. Бастысы, ауылда жұмыс бар. Істеймін деген адамға «екі қолға бір күрек» табылады. Орташа жалақы – 150-300 мың теңге аралығында. Ондай мүмкіндік көбіне Астананың өзінде бола бермейтіні жасырын емес.

Дастан КЕНЖАЛИН,  
Астана-Ерейментау-Торғай-Астана



орташа жөндеуге сараптама жасалып, Ерейментау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне өтінім берілді. Ұзындығы – 2,06 шақырым, оның сомасы – 111 181,9 мың теңге, – деді ауыл әкімі.

Ауылдық округте дәрігерлік амбулатория салу мәселесі де шешілген. Әкімнің бізге берген мәліметіне қарағанда, «Ел Құрылыс» ЖШС мердігері дәрігерлік амбулатория салу жұмыстарын аяқтаған. Жобалық-сметалық құжаттама 519 млн теңге болып бекітіліпті. Ол былтыр 4 желтоқсанда пайдалануға берілген.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де толығымен шешілді деп айтуға болады. Былтыр мамыр айында «РесурсКЗ888» ЖШС Торғай ауылының Мәдениет, Сәкен Сейфуллин, Бейбітшілік, т.б. көшелеріне жолды тегістеу жұмыстарын жүргізген. Жобаның жалпы сомасы – 1 725 000 теңге. Соған көлік және жаяу адам жүретін жерлердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілген. Былтыр қыркүйек айында Жаңажол, Төменгі Торғай ауылдары бағытында 248 мың теңгеге 3 жол көрсеткіші сатып алынып, орнатылған.

Торғай ауылынан тағы бір байқағанымыз, әкімдік елді мекенді абаттандыру және көгалдандыру ісін жақсы атқарып шығыпты. Барлық жерге көшет егілген. Әкімдіктің дерегіне сүйенсек, өткен жылдың маусым айында әкім аппараты қызметкерлерді тарта отырып, жалпы сомасы 521 мың теңгеге 43 қарағай көшетін отырғызып, аллея ашқан. Сондай-ақ былтыр қазан айында мектеп маңайына 70 қарағай көшеті отырғы-

жетеді. Малынды ұста, оны бақташыға бірігіп қос. Үйде жеке шаруамен айналыс. Бұл – қосымша табыс көзі. Тамаша ғой! Ал Родинада сырттан мал ұстатпайды. Оған рұқсат бермейді. Адам 300 мың теңге жалақыны осы жерден де алады. Сондықтан біздің ауылдың болашағы зор деп ойлаймын. Табыс табуға мүмкіндік көп. Егер осылай дамып кетсек, біз әжептәуір алға шығамыз, – деді Марат Әубәкіров.

Осы жерде әкімнің сөзіне тағы бір қосарымыз, Торғай тазалық жағынан да сол Родинадан кем емес. Мысалы, былтыр 009 «Санитария» бағдарламасы бойынша «Ер Тұлпар» ЖШС мердігері 749 мың теңге сомасына ҚТҚ стихиялық қоқыс үйіндісін тазалау және үю жұмыстарын жүргізген. Сонымен бірге мал қорымын абаттандыру жұмыстары да іске асып отыр. Қазір ауылдық округте аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жұмыстары көптеп атқарылған.

Ауыл тұрғындары өз аулаларын қоқыстан тазартып, сенбілікке де шығып тұрады. Санитарлық тазарту кезеңінде 400 текше метр қоқыс шығаруға 5 техника жұмылдырылған. Бұл – ауылда күнделікті істеліп жатқан жұмыстар ғана. Әкімнің айтуынша, тазалықты сақтау бойынша одан басқа да бірталай шаруа атқарылған көрінеді.

